


bl.group.name__age

Тақпақтар, әндер: Ас атасы - нан

Таба нан

Жұрт қызығып қараған,
Жақсы көрген әр адам,
Жарық күндей ып-
ыстық
Табадағы таба нан.



Шелпек

Елге келсең, ер ұлан,
Қарама сен немкетті.
Шыққан ана қолынан
Сүйсініп же шелпекті.



Бауырсақ

Жеп көрмесең
болмайды,
Үйдің дәмін сағынсақ.
Қақтырады таңдайды
Майға піскен бауырсақ.



Қаттама



Ата-бабам жеп көрген,
Бұл да сондай тоқ тамақ.
Қаттама деп ат берген
Болғаннан соң қат-
қабат.

Білезік нан

Көре қалсаң – ала сал,
Өте дәмді бұл өзі.
Түр-түсіңе қарасаң,
Айнымаған білезік.



Майшелпек

Үйге келген кісіге
Ұнайды екен қай
шелпек?
Шыжық қосқан ішіне,
Мұның аты – Майшелпек.



Қазанжаппа

Осылай деп атайды
Піскен нанды қазанда.
Жеймін әбден
тойғанша,
Сары майды жағам да.



Тоқаш



Көздің жауын алады,
Дастарханда көп табақ.
Исі мұрын жарады,
Тоқаш – сондай тоқ
тамақ.

Қытырлақ

Болғанымен бүтін нақ,
Жеген кезде қытырлақ
Ауызыңды толтырып,
Тісте тұрар сықырлап.

